

«Гаухартас» бөбекжай балабақшасы ЖШС

2022-2023 оқу жылының педагогикалық кеңес отырысының жоспары

2022-2023 оқу жылы

Педагогикалық кеңестің №1 хаттамасы

Мерзімі: 29.08.2022 жыл

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің кестесін бекіту туралы.
2. Жас мамандарды бекіту туралы.
3. Жеке бағытталған педагогика (баяндама)
4. Тәрбиеші қандай болуға тиіс.
5. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарын бекіту туралы.
6. Ашық сабақтарды талқылау.
7. «Бақылау және басшылық» Шолу мен тексерудің қорытындысы.
8. Түрлі мәселелер.

1. Тыңдалды: Б/б меңгерушісі А.А.Мырзатаева сөз сөйледі. Ол педагог қызметкерлерді жаңа оқу жылымен және 30 Конституция күнімен құттықтады. Жаңа оқу жылында жаңа ізденістер, шығармашылық табыстар тіледі. Сонымен қатар, қызметкерлерді балабақшаның жылдық жоспарымен таныстырды. Меңгеруші әрбір топтық ұйымдастырылған. Оқу іс әрекеттерінің кестесін әр топтың күн тәртібін бекітіп берді. Келесі мәселе тәрбиешілердің оқу тәрбие процессінің құжаттарын бекіту туралы. Тәрбиешілер жаңа оқу жылына қаншалықты дайын деген сұраққа барлығы дайынбыз деп жауап берді. Балалардың мекен жайы мен ата аналары туралы мағлұмат дәптерлерінде көбінесе ата аналардың телефондары жазылмай қалып қойып жатады, деді меңгеруші. Сондықтан, балабақша әкімшілігіне кез келген уақытта ата аналардың телефондары мен мекен жайлары керек болып жататынын, сондықтан барлық мәліметтерді алдырып қою керектігін тапсырды.

2. Тыңдалды: Екінші мәселе бойынша балабақшаның әдіскері Жунисова Жанар сөз алды. Ол балабақшаға жас мамандар келгенін айтты олар: Оларға мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жұмысы туралы әңгіме сұхбат жүргізілгенін айтты. Енді бұл тәрбиешілерге тәлімгер

ұстаздарды бекітіп, оларға жыл бойы әдістемелік көмек көрсетілуі тиіс деді әдіскер.

3. Тыңдалды: «Жеке бағытталған педагогика» атты баяндаманы балабақша меңгерушісі оқыды.

4. Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша балабақша тәрбиешісі М.Суттибаева «Тәрбиеші қандай болуы тиіс» атты психологиялық сауалнаманы педагог тәрбиешілерге ұсынды. Тәрбиешілер өз ойлары бойынша белгілеп шығуға тиіс. Сауалнаманың нәтижесі хаттамаға түсті.

5. Тыңдалды: Б/б меңгерушісі А.А.Мырзатаева сөз сөйледі. Ол тәрбиеші педагогтарға шығармашылыққа байланысты өздері ізденіп жүрген тақырыптарын беріп, бекітті.

1. «Мектепке дейінгі балаларды психологиялық педагогикалық бейімдеудің жаңа амалдары» Жунисова Ж

2. «Тіл дамыту оқу іс әрекетінде бала қиялын қалай дамытуға болады» Суттибаева М

3. «Балабақшадағы салауатты өмір салтын қалыптастыру» Жанабаева Б

4. «Тіл оқу іс әрекетінде жаңа технология элементтерін қолдану» Насырова Б

6. Тыңдалды: Келесі мәселе бойынша б/б меңгерушісі А.А.Мырзатаева сөз сөйледі. Ол өз сөзінде балабақша топтарының 2022-2023 жаңа оқу жылына дайындығы қандай. Барлық топтардың бес дағды бойынша дамыту орталықтары безендірілмеген. Осыған орай тиісті жұмыстар атқарылсын.

Әрбір тәрбиеші өз топтарын талапқа сай етіп, стандарт ережесі бойынша безендіріп қойыңыздар деді меңгеруші.

7. Тыңдалды: Ашық сабақтарды талдау бойынша б/б меңгерушісі А.А.мырзатаева сөз алды. Ортаңғы топта «Бір мақсат, бір мүдде, бір отан» ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекеті өтті. Ашық сабақ жақсы өтті. Бірақ кемшіліксіз болмады. Зертхана кезінде балаға ірімшікті аузына өзі салып жатыр. Негізі алғанда бала стандарт талаптарына сай бала екі жастан бастап өз өзіне қызмет етеді.

8. Тыңдалды: Түрлі мәселелер бойынша, әдіскер Ж.Жунисова тәрбиешілердің сыртқы формасы талапқа сай емес деді. Сонымен қатар тәрбиешілерге өз топтарындағы балалардың ата аналарына айтып, әр балаға файл папка алдырыңыздар. Файл папка әр баланың шығармашылық жеке жұмыстары сақталып қояды, деді әдіскер.

Шешімі

1. Балабақшаның жылдық жоспары мен ұйымдастырылған оқу іс әрекетінің кестесі бекітілсін. Тәрбиешілердің жоспарлары мен күн тәртібі бекітілсін.
2. Жас мамандар тәлімгер ұстаздар бекітілсін.
3. «Жеке бағытталған педагогика» атты баяндаманың бір данасы хаттамаға тігілсін.
4. Сауалнаманың нәтижесі хаттамаға тігілсін.
5. Тәрбиешілердің шығармашылық жұмыстары бекітілсін.
6. Бақылау және басшылық шолу тексерістің қорытындысы бойынша барлық топ тәрбиешілеріне қанағаттанарлық деген баға берілсін.
7. Тәрбиешілерге форма белгіленсін. Ата аналарға файл папка тапсыру жүктелсін.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



менгеруші А.А.Мырзатаева

тәрбиеші Суттибаева М

Педагогикалық кеңестің №2 хаттамасы

Мерзімі: 15.11.2022 жыл

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Бақылау және басшылық. Салыстырмалы тексерудің қорытындысы туралы.
3. Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы (баяндама)
4. Ашық ұйымдастырылған оқу іс -әрекеті.
5. «Тәуелсіздік- тұғырым» балабақшада көрме ұйымдастыру туралы.

1.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі А.А.Мырзатаева сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды.

Балабақшаның жылдық жоспары, ұйымдастырылған оқу іс -әрекетінің кестесі және тәрбиешілердің жоспары мен балабақшаның тәртібі бекітілді.Ата аналар файл -папка әкеліп берді,- деді меңгеруші.

2.Тыңдалды: Б/б әдіскері Ж.Жунисова сөз сөйледі. Ол өз сөзінде белгіленген іс шараны орындау мақсатында «Бақылау және басшылық» бөлімі бойынша салыстырмалы тексеру болып өтті. Тексерудің мақсаты-балалардың сөздік қорын байыту, байланыстырып сөйлеуді дамыту.

Талдау нәтижесі: Тәрбиешінің оқу іс-әрекетіне дайындығы жақсы. Бірақ көрнекіліктері аз . Көрнекіліктер баланың танымдық әрекеттеріне сай емес. Тіл дамыту оқу іс-әрекеттерінде түрлі көрнекіліктер: түрлі – түсті картиналар пазлдар ДВД,СД дискілерін қолдану керек. Тәрбиеші І- деңгейден жоғары деген баға беріліп, әдістемелік көмек көрсетілді. Сөйлегендер: Тәрбиеші Насырова Б: тақырыптық тексерудің нәтижесіне толық келісемін. Өйткені оқу іс-әрекетінде, әсіресе тіл дамыту бойынша міндетті түрде көрнекіліктер болу қажеттілігі тағы да бір көз жеткізгендей болдық. Алдағы уақытта барлық оқу іс-әрекеттерінде көрнекіліктердің сапалы әрі, көп болуына еңбек етеміз деп сіздерді сендіре аламын деді тәрбиеші.

3.Тыңдалды: Балабақша тәрбиешісі Жанабаева Б : Баяндама «Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы» Қазақ әдебиетінде халық

мұрасы ерекше орын алады. Белгілі ұстаз ғалым М. Ғабдуллиннің мақал-мәтел жөнінде қай мақалды алсақ та оның мазмұнында өмірде болған елеулі оқиға, әңгімелер жатады. Мақал соларға берілген даналық, қорытынды тұжырымды түйін болып отырады.

Ал мәтелдерде бұл секілді мазмұнды, оқығалы әңгімелер аз кездеседі. Қазақ әдебиетіне зор үлес қосқан қаламгерлер С. Сейфуллин, І. Жансүгіров, С. Көбеев, С. Бегалин, С. Мұханов, Б. Майлин, Қ. Мырзалиев т.б еңбектерінде халықтық шығармалардың дәстүрлерін кеңінен пайдаланған. Олардың шығармалары бала тәрбиесін ізгі мақсаттарды көздейді, балалардың тілін шығартып, ойын дамытады. Еңбекке баулиды, отанды сүюге тәрбиелейді. Мектеп алды даярлық тобы балаларына жүргізіліп жүрген «Қатынас» «Әлеуметтік орта» білім беру дағдылары бойынша «тіл дамыту», «көркем әдебиет» ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттерінде халық ауыз әдебиетінен мақал-мәтелдерді, жаңылтпаштарды жұмбақ шешу, ертегілер, әңгімелер, өлеңдер батырлар жырын оқу, оның тәрбиелік мағынасын балаларға ашық, нақты кеңінен түсінікті етіп жеткізе білу керек.

4. Тыңдалды: Балабақшаның меңгерушісі А. А. Мырзатаева сөз сөйледі. Ол 2022 жылдың қазан, қараша айларында болып өткен ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекетіне тоқталды. Ортаңғы топта «Менің сүйікті үй жануарым» атты ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті болып өтті. Тәрбиешісі Суттибаева М. Мақсаты: балалардың берілген сұрақтарға ойланып дұрыс жауап беруге дағдыландыру. Ойын арқылы ойлау қабілетін, тіл байлығын дамыту.

Тәрбиеші жылулық шеңбер орындатып, балаларды жартылай шеңбер етіп отырғызды. Бір жылда неше мезгіл бар. Қазір жылдың қай мезгілі деп сұрады. Балалар дұрыс жауап берді. Тәрбиешіге 4 (жақсы) деген баға қойылды.

Екінші ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті І-кіші топта болып өтті. Тәрбиеші денсаулық білім саласын алған. Тақырыбы «Көңілді старт» Балалар үлкендермен амандасты. Тәрбиеші балаларды 2 топқа бөліп жарыс ұйымдастырды. Кемшіліктер болмады емес болды. Балалардың барлығына бірдей форма кигізу керек еді.

5. Тыңдалды: Балабақша әдіскері Жунисова Ж. сөз сөйледі. Тәуелсіздік мерекесі келе жатыр. Осыған орай біздің балабақшамыз да мерекелік тарту ретінде «Тәуелсіздік тұғырым» атты көрме ұйымдастырсақ деп отырмыз. Көрме ұйымдастыру жылдық жоспарымызда қаралған. Желтоқсанның 15 күні әрбір топта көрме ұйымдастырылған, - деді.

Шешими

1. Өткен кеңес шешімдері орындалды.
2. Бақылау және басшылық салыстырмалы тексерудің қорытындысы бойынша топ тәрбиешісіне қанағаттанарлық деген баға қойылсын.
3. Баяндама бекітілсін.
4. Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті бекітілсін.
5. «Тәуелсіздік тұғырым» атты көрме ұйымдастырылсын.

Кенес төрайымы:

Хатшы:

менгеруші А.А.Мырзатаева

тәрбиеші Суттибаева М



Педагогикалық кеңестің №3 хаттамасы

Мерзімі: 24.01.2023 жыл

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Бақылау және басшылық. Жан-жақты тексерудің қорытындысы (жарты жылдық мониторинг қорытындысы)
3. «Балалардың дене дамуының көрсеткіштерін сараптау» медбике есебі
4. Көрменің қорытындысы.
5. Ашық ұйымдастырылған оқу іс-әрекеті.

1.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі А.А.Мырзатаева сөз сөйледі. Ол өз сөзінде өткен кеңестің шешімдеріне тоқталды. Бақылау және басшылық, салыстырмалы тексерудің қорытындысы бойынша топ тәрбиешісіне қанағаттанарлық деген баға қойылды. Халық ауыз әдебиетінің бала тәрбиесіндегі маңызы атты баяндама бекітілді деді меңгеруші.

2.Тыңдалды: Балабақша әдіскері Ж.Жунисова сөз алды.Ол өз сөзінде «Бақылау және басшылық» бөлімінде жан-жақты тексеру болып өтті.Жан-жақты тексерудің мақсаты балалардың жарты жылдық білім деңгейінің қорытындысының нәтижесі:

Талдау нәтижесі бойынша кіші топта бағасы -3,2 деңгей І деңгейден жоғары, ортаңғы топта бағалау деңгейі бойынша-4,2; ересек топта – 4,6 топтардың оқу жылының І жарты жылдық есебі бекітілсін деді балабақша әдіскері.

Сөйлегендер: тәрбиеші Жанабаева Б оқу жылында топ міндеттемелері «Қатынас» және «Денсаулық» дағдылары бойынша жұмыс жүргізілуде. Балабақша ата-аналармен тығыз қарым қатынаста жұмыс істеп келеміз.Жан-жақты тексерудің нәтижесіне толық қосыламын. Жалпы, жыл басынан бері балаларды жан-жақты дамытуға арналған түрлі бағытта іс-шаралар ұйымдастырылуда. Алдағы уақытта да іс-шараларымыз көп деді тәрбиеші.

3.Тыңдалды: Балбақша медбикесі Болатқызы Айгерім сөз алды. Ол өз сөзінде Балалардың дене дамуының дене көрсеткіштерінің сараптау, мөлшерлі салмақ қосуы бойының өсуі және статикалық қасиеттерін

сондай-ақ, сезім және психикалық қызметінің дамуы дәрігерлік бақылау кезінде өлшеніп, бағаланатын процесстер міне осылар.

Мектепке дейінгі мекеменің дәрігері 6 айға дейінгі балаларды -10 күнде бір рет, 6 айдан 1 жасқа дейінгі балаларды 15-күнге 1 рет, 1 жастан, 3 жасқа дейінгілерді айына 1 рет 3 жастан және онан ересек балаларды 3 айда 1 өлшеу өткізіледі. Екіге және үшке аяқ басқан балаларға тоқсан сайын үштен асқан балаларға-жарты жыл сайын өткізу керек. Қарау кезінде дәрігер баланың денесі өсуін нерв психикалық дамуын және денсаулығын мөлшерлейді. Бұдан бұрынғы қараудан кейін қандай өзгерістер болғанын байқайды.

Жас бала тез салмақ қосып, жедел өседі. Баланың организімі сыртқы ортаның қандай болсын өзгерісін сезім келеді.

Балабақша әдіскері Ж.Жунисова сөз алды. Ол өз сөзінде «Тәуелсіздік тұғырым» атты көрме болғанын және оған тәрбиешілер Суттибаева М, Жанабаева Б, Насырова Б жақсы ұйымдастырып, іскерлік шеберліктерін көрсете білді деді.

Кеңес төрайымы:

Хатшы:



менгеруші А.А.Мырзатаева

Тәрбиеші Суттибаева М

Педагогикалық кеңестің №4 хаттамасы

Мерзімі: 13.03. 2023 жыл

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

- 1.Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.
2. Бақылау және басшылық. Жан-жақты тексеру.
3. Баяндама : «Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері».
4. Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетін талқылау.
5. Түрлі мәселелер.

1.Тыңдалды: Б/б меңгерушісі А.А.Мырзатаева сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдеріне тоқталды.Бақылау және басшылық бөлімінде жан - жақты тексеру болып өтті. Тәрбиешілерге 4(жақсы) деген баға қойылды. Тәрбиешілер жарты жылдық есеп берді.Балабақшаның медбикесі Медбике Болатқызы Айгерім балалардың дене дамуының көрсеткіштерін сараптап есеп беріп өтті. Балабақшада көрме ұйымдастырылып,тәрбиешілерге өте жақсы деген баға қойылды.

2.Тыңдалды: Балабақша меңгерушісі А.А.Мырзатаева сөз алды. Ол өз сөзінде «Балалардың танымдық іс әрекетін жандандыру» тақырыбында барлық топта болып өтті. Тәрбиешілер балаларға таным саласы үшбұрыш, төртбұрыш, санамақ сияқты әдіс тәсіл түрлерімен жандандырып өткен. Сонымен ортаңғы топ тәрбиешісі балаларға танымдық іс әрекетті жандандыруда түрлі әдістер қолданған. Кемшіліктерде жоқ емес,көрнекіліктің сапасы төмен деңгейде. Ал ортаңғы және кіші топ тәрбиешілері ұйымдастырылған оқу іс әрекетке толықтай енбеген. Көрнекіліктер әр балаға сай жасалған.

3.Тыңдалды: «Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілдері» атты баяндаманы ортаңғы топ тәрбиешісіНасырова Б оқыды. Ол өз сөзінде Дене тәрбиесі бөлімінде өзіміздің ұлттық ойындар мысалы,арқан тартыс, тоғыз құмалақ, асық, қыз қуу, көкпар ойынын кіргізуге немесе күннің екінші жартысында ойнату керек, деді. Біз бұл ұлттық ойындар арқылы ұлтымыздың ежелден ақ бала денсаулығына көңіл бөліп, қолға алғанын білеміз.

Педагогикалық кеңестің №5 хаттамасы

Мерзімі: 23. 05.2023 жыл

Қатысқандар: 6

Күн тәртібінде:

- 1. Өткен кеңестің шешімдерінің орындалуы туралы.**
- 2. Тәрбиешілердің шығармашылық тақырыптарына есеп беруі.**
- 3. Қорытынды мониторинг туралы.**
- 4. Жазғы сауықтыру жұмысын бекіту.**
- 5. Асханадағы кезекшілік жұмысты ұйымдастыру.**
- 6. Салыстыру тексеру.**
- 7. Ашық ұйымдастырылған оқу іс әрекетін талқылау.**
- 8. Түрлі мәселелер.**

1. Тыңдалды: Б/б меңгерушісі А.А.Мырзатаева сөз алды. Ол өз сөзінде өткен кеңес шешімдеріне тоқталды. Бақылау мен басшылық жан жақты тексеру болып өтті. Тәрбиешілер балаларға таным саласы бойынша балалардың ой қиялын дамытты. Дене тәрбиесінде ұлттық ойындарды қолдану тәсілі атты баяндама оқылып, тәрбиешілер өз білімдерін жетілдірді.

2. Тыңдалды: Б/б меңгерушісі А.А.Мырзатаева сөз алды. Ол өз сөзінде тәрбиешілерге жылдың басында шығармашылық тақырып бекітілген еді.

Мектепке дейінгі балаларды психологиялық педагогикалық бейімдеудің жаңа амалдары пән мұғалімі М.Айдарға бекітілген. Тіл дамыту оқу іс әрекетінде бала қиялын қалай дамытуға болады атты тақырып ортаңғы топ тәрбиешісі М.Суттибаева бекітілді.

Балабақшадағы салауатты өмір салтын қалыптастыру кіші топ тәрбиешісі Насырова Б бекітілді.

Тәрбиешілер шығармашылық тақырыптарына есеп берді.

3. Тыңдалды: Б/б әдіскері Ж.Жунисова сөз алды. Ол өз сөзінде Бақылау және басшылық қорытынды мониторинг болып өтті. Қорытынды тексерудің мақсаты балалардың жылдық білім деңгейінің нәтижесі. Талдау нәтижесі бойынша кіші топ -3,2 деңгейі I деңгейден жоғары, ортаңғы топ -3,6 II деңгей; ересек топ -3,4

